

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-мен
(2023 жылдың 02 тамызындағы
№ 77 отырыс хаттамасы)

келісілді

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылдың 07 тамызындағы
№ 11 отырыс хаттамасы)

бекітілді

2023 жылдың 08 тамызынан бастап
қолданысқа енгізілді

**"KASE клиринг орталығы" АҚ-ның
"Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан клирингілік
және есеп айырысу қызметі және орталық
контрагент қызметі бойынша функционалды
қабылдау
ТӘРТІБІ**

Алматы қ.

2023

Осы Тәртіп "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жарғысына және ішкі құжаттарына (бұдан әрі – ІҚ) және "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі - Клиринг орталығы) жарғысына және ІҚ-на сәйкес әзірленді және Клиринг орталығының Биржадан клирингілік және есеп айырысу қызметі және қор нарығындағы орталық контрагент қызметі бойынша функционалды қабылдауының шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның ІД-да көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:
 - 1) **жеке шот** – Биржаның Орталық депозитарийдегі жеке шоты;
 - 2) **позиция** – клирингілік қатысушыда қаржы құралдарымен мәміле (мәмілелер) жасасу нәтижесінде Биржаға қатысты туындаған және клирингілік қатысушының клирингілік шотында ескерілетін міндеттеме және (немесе) талап;
 - 3) **Биржаның клирингілік ережелері** – Биржаның "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ІҚ;
 - 4) **Клиринг орталығының клирингілік ережелері** – Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру қағидалары";
 - 5) Орталық депозитарий – "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ.
2. Клиринг орталығы Биржадан:
 - 1) ASTS+ қор нарығының сауда-клирингілік жүйесіндегі клирингілік шоттарды;
 - 2) қор нарығының қатысушыларына Биржаның ішкі есеп жүйесінде ашылған есеп шоттарын;
 - 3) клирингілік қатысушылардың қор нарығы бойынша позицияларын;
 - 4) клирингілік қатысушылардың қосалқы шоттарының "KASE", "РЕПО" және "GCGlobal" бөлімдерінде есептелген қаржы құралдарына билік ету құқығын.
 - 5) міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және қор нарығының клирингілік қатысушыларының қаржы құралдарымен мәмілелерді қамтамасыз ету үшін Биржаның корреспонденттік шотында ескерілетін ақшаны;
 - 6) қор нарығының клирингілік қатысушыларының Биржаның корреспонденттік шотында сақталатын кепілдік жарналарын қабылдайды.
3. Осы Тәртіптің 2 тармағында көрсетілген беру:
 - 1) Клиринг орталығы Биржаның қор нарығында жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыруды бастау күнінің алдындағы жұмыс күні қор нарығында клирингілік және есеп айырысудың аяқталғаннан кейін (бұдан әрі – позицияларды беру күні).
 - 2) осы Тәртіпке сәйкес және Клиринг орталығы мен клирингілік қатысушылар арасында жасалған тиісті келісім-шарттардың негізінде жүзеге асырылады.
4. Клиринг орталығы активтерді беру күніне дейін клирингілік Биржадан келіп түсетін және клирингілік қызметті жүзеге асыру, клирингілік қатысушыларды бақылау мен мониторингілеу үшін қажетті мәліметтерді өңдеуге олардың келісімдерін қамтитын қатысушылармен клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарттар жасасуды қамтамасыз етеді. Клиринг орталығының Биржаның қор нарығы бойынша клирингілік қызметін орындауды бастау күні осындай келісім-шарттардың қолданылуы басталған күн болуға тиіс.

5. Клиринг орталығы Биржаға позицияларды берудің болжамды күні туралы ол басталғанға дейін 15 жұмыс күні бұрын хабарлайды.

2 тарау. ПОЗИЦИЯЛАР МЕН АҚШАНЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

6. Клирингілік қатысушы позициялар берілген күннен бастап сағат 12:00-ден кешіктірмей Клиринг орталығына осы Тәртіпке 1 қосымшаның нысаны бойынша жасалған өкімді беруге міндетті.
7. Егер клирингілік қатысушы көрсетілген мерзімде өкім бермеген жағдайда Клиринг орталығы осындай клирингілік қатысушыға қызмет көрсетуді тоқтата тұрады.
8. Клирингілік қатысушының осы Тәртіптің 7 тармағында көрсетілген өкімі негізінде Клиринг орталығы клирингілік қатысушының позициясын қабылдайды.
9. Позициялар берілген күні Клиринг орталығы Биржадан:
 - 1) ASTS+ қор нарығының сауда-клирингілік жүйесіндегі клирингілік шоттарды;
 - 2) қор нарығының қатысушыларына Биржаның ішкі есеп жүйесінде ашылған есеп шоттарын;
 - 3) клирингілік қатысушылардың қор нарығы бойынша позицияларын;
 - 4) Биржаның корреспонденттік шотында ескерілетін және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және қор нарығының клирингілік қатысушыларының қаржы құралдарымен мәмілелерді қамтамасыз ету болып табылатын ақшаны;
 - 5) қор нарығының клирингілік кепілдік қорына енгізілген ақшаны қабылдайды.
10. Осы Тәртіптің 9 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген іс-әрекеттер Клиринг орталығы мен Биржа арасындағы өткізіп-қабылдау актісімен рәсімделеді.

3 тарау. БИРЖАНЫҢ ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДЕГІ ЖЕКЕ ШОТЫН БЕРУ

11. Клиринг және есеп айырысу аяқталғаннан кейін позициялар берілген күні Биржа Орталық депозитарийге Биржаның жеке шоты бойынша тіркелген тұлғаны ауыстыру туралы, атап айтқанда Биржаның деректемелерін Клиринг орталығының деректемелеріне ауыстыру туралы жазбаша нұсқауды, сондай-ақ Орталық депозитарийдің сұрау салуы бойынша өзге де құжаттарды береді.
12. Клиринг орталығы сол күні Орталық депозитарийге Биржаның жеке шоты бойынша тіркелген тұлғаны ауыстыруға келісім беру туралы, атап айтқанда Биржаның деректемелерін Клиринг орталығының деректемелеріне ауыстыру туралы жазбаша нұсқауды, сондай-ақ Орталық депозитарийдің сұрау салуы бойынша өзге де құжаттарды береді.
13. Тіркелген тұлғаны ауыстыру Орталық депозитарий белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

4 тарау. ЖЕКЕ ШОТТАРДЫҢ "KASE", "РЕПО" ЖӘНЕ "GCGlobal" БӨЛІМДЕРІНЕ БИЛІК ЕТУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ

14. Жеке шоттардың "KASE", "РЕПО" және "GCGlobal" бөлімдеріне билік ету құқығын беру Орталық депозитарийдің, Клиринг орталығының және Биржаның ішкі құжаттарының негізінде позициялар берілген күннен кейінгі күні жүзеге асырылады.

5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

15. Осы Тәртіпте реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Клиринг орталығының жарғысына, оның ІҚ-на, сондай-ақ Клиринг орталығының органдары мен лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдеріне сәйкес шешіледі.

Басқарма төрағасы

И.М. Сабитов

"KASE клиринг орталығы" АҚ-ның
"Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан
клирингілік және есеп айырысу қызметі және орталық контрагент қызметі бойынша функционалды қабылдау тәртібіне
1 қосымша

Ақшаны, міндеттемелер мен талаптарды қабылдауға
өкім

Осымен _____ (клирингілік қатысушының толық атауы) "KASE клиринг орталығы" АҚ-на:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан:

қаржы құралдарымен мәміле (мәмілелер) жасасу нәтижесінде клирингілік қатысушыда Биржаға қатысты туындаған және клирингілік қатысушының клирингілік шотында ескерілетін міндеттемелерді және (немесе) талаптарды қабылдауды;

Биржаның төлем тапсырмасы негізінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан:

1. қор нарығының клирингілік қатысушыларының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге арналған ақшаны;
2. қор нарығының кепілдік берілген клирингілік қорларына жарналар болып табылатын ақшаны алуды тапсырады.

Қабылдау және Алу Биржа қор нарығындағы орталық контрагенттің қызметін соңғы күні жүзеге асыратын жұмыс күнінің соңында Биржа белгілейтін мөлшерде жүзеге асырылсын.

Ақша, міндеттемелер және талаптар Биржа қор нарығындағы орталық контрагенттің қызметін соңғы күні жүзеге асыратын жұмыс күнінің соңында Биржа анықтаған мөлшерде алынсын.

Осы өкімге қол қоя отырып, _____ (клирингілік қатысушының толық атауы) Клиринг Орталығына оның позицияларына, ол Биржада жасайтын мәмілелерге қатысты коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, сондай-ақ Клиринг орталығына клирингті және орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты ашуға өзінің келісімін растайды, сондай-ақ "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан клирингілік және есеп айырысу қызметі және орталық контрагент қызметі бойынша функционалды қабылдау тәртібімен танысқанын (бұдан әрі – Тәртіп), онымен келісетінін растайды және Тәртіп шарттарын толық көлемде орындауға міндеттенеді.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]

Орындаушы: _____ (Т.А.Ә.) _____ (тел.)